«Парус-КАЗ.Бюджет» (Бюджеттік қаржыландыру. Бухгалтерлік есеп ҚЕХС. Еңбекақы есептеу) бағдарламалық өніміне қызмет көрсету, ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтерін алу үшін тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негіздемесі

«Парус-КАЗ.Бюджет» (Бюджеттік қаржыландыру. Бухгалтерлік есеп ҚЕХС. Еңбекақы есептеу) бағдарламалық өнімі зияткерлік меншік объектісі және де «Парус-КАЗ» ЖШС бұл өнімінің, оған қоса барлық қызмет түрлерінің авторлық құқық иесі (ерекше құқықтар) болып табылады.

Зияткерлік меншік объектісімен кез келген қызметтер мен әрекеттерді жүзеге асыруына авторлық құқық иеленушінің рұқсатынсыз, өзге жеткізушілер қатысуына тыйым салынады («Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының, 16-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес).

«ПарусКАЗ.Бюджет» бағдарламалық өніммен кез келген қызмет үшін үшінші тұлғалармен шарт жасасу жоғарыда аталған заңдарды бұзу болып табылады сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 4-баптың 9-тармағы және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 198-бап «Авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды бұзу» болып табылады.

«Парус-КАЗ.Бюджет» бағдарламалық өнімі «Боранқұл ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне «Парус Бюджет қаржыландыру» бағдарламасы келісім шарт №1 23.02.2015 жыл, №2289 23.02.2015 жыл шот – фактура, жүкқұжатымен, «Парус Бухгалтерия, Зарплата» бағдарламасы келісім шарт №1 23.02.2015 жыл, №16956 23.02.2015 жыл шот – фактура, жүкқұжат негізінде есепке алынды. Бағдарламалық өнімге осы уакытқа дейін жоғарыда көрсетілген Заңдылықтарға сәйкес «Парус-КАЗ» ЖШС ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер көрсетіп келеді.

Мемлекеттік функциялардың не Тапсырыс берушінің жарғылық қызметінің жұмыс істеуін, сондай-ақ орындалуын қамтамасыз ету мақсатында кідіріссіз жұмыс жасау қажеттілігі.

«Парус-КАЗ.Бюджет» бағдарламалық өнімінен өзге бухгалтерлік бағдарламалық өнімінің базасына бухгалтерлік есептіліктерді көшіру ұзақ уақыт талап етеді және де ол өзге құралдардың сенімді немесе сенімсіз екені белгісіз. Сондай жағдайларда ақпараттың толық болмауына, есеп жүргізу кезінде қателіктер кетуіне, дұрыс жасалмауына әкеліп соғады.

«Парус-КАЗ.Бюджет» бағдарламалық өнімінен өзге бағдарламаға көшірілген жағдайда бухгалтерлік есептіліктің анықтылығымен, дәйектілігін тексеруге де уакыттың талап етеді.

«Парус-КАЗ.Бюджет» бағдарламалық өнімінен өзге бухгалтерлік бағдарламаға көшірілген жағдайда бухгалтерлік есептілік дерекетерінің қажетті шоттарға, яғни бекітілген Заңдылық, ереже бойынша толығымен дұрыс орналастырылмай, бухгалтерлік теңгерімде сәйкессіздіктердің орын алу факторларын болдырмау үшін.

«Парус-КАЗ.Бюджет» бағдарламалық өнімін ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтерін алу шарты мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 16 бабы 3 тармағының 28 тармақшасы негізінде жасалады.

«Парус-КАЗ.Бюджет» бағдарламасы сенімді, уақытылы жаңартулар орнатылып, әрі Заң жүзінде қызмет көрсететін авторлық құқығы қорғалған өнім

Боранқұл ауылының әкімі **А.Сиық**